

3. "цемент" - осы Келісімнің 2-қосымшасында анықталған, сондай-ақ "сауда заты" ретінде де аталатын өнім;

4. "транзит" - Қазақстан Республикасының ұлттық кеден заңнамасына және Тараптар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы үшінші елдерге цемент экспорты;

5. "қолданылатын баға" - Қазақстан Тарапы есептеген Қазақстан Республикасына цемент экспорты кезінде қолданылатын баға;

6. "кезең" - үш айға тең уақыт бөлігі;

7. "өзара тәуелді тараптар" - болжаммен демпинг заты болып табылатын тауарды жеткізушілермен байланысты немесе өздері жеткізушілер болып табылатын өндірушілер немесе сатып алушылар (мәмілеге қатысушылар). Өзара тәуелді деп олардың арасындағы қатынастар, олардың қызметіне немесе олардың өкілі болып табылатын тұлғалардың қызметінің жағдайына немесе экономикалық нәтижелеріне тікелей әсер етуі мүмкін жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар танылады, атап айтқанда:

- бір тұлға басқа тұлғаның мүлкіне қатысады және осындай қатысудың үлесі 33-тен (отыз үш) астам пайызды құрайды;

- тұлғалар Тараптардың неке және отбасы туралы заңнамасына сәйкес некелік қатынастарда, туысқандық немесе жекжаттық, бала асырап алушы және асырап алынған бала, сондай-ақ қамқоршы және қамқорға алынушы қатынастарында тұрады;

8. "Қазақстан Республикасындағы сатып алушы" - қырғыз өндірушісінің немесе экспорттаушысының өзара тәуелді тараптары болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлға, сондай-ақ басқа да клиенттер;

9. "бұзушылық" - шарттардың орындалмауы осы Келісім мақсаттарының елеулі бұзылуына әкеп соқпайтындай шамалы және қасақана жасалмаған болып табылатын жағдайларды қоспағанда, осы Келісімнің шарттарын іс-әрекеттің немесе әрекетсіздіктің салдарынан орындамау.

2-бап. Бағалар жөніндегі міндеттемелер

Бағалар жөніндегі міндеттеме:

1) Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына цементтің экспорты кезінде келісім-шартты тіркеу сертификатын алуды;

2) Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына цементтің импорты кезінде импорттық лицензияны алуды көздейді.

3-бап. Бағалар жөніндегі міндеттемелердің қолданылуы

1. Қырғыз Тарапы өзіне қабылдаған бағалар бойынша міндеттемелерді адал орындаған жағдайда Қазақстан Тарапы демпингке қарсы анықтауды тоқтатуға құқылы.

2. Бағалар бойынша міндеттеме материалдық залалға әкеп соғып отырған демпингке қарсы іс-әрекет жасау үшін қажетті уақыт аралығында және мөлшерінде к ү ш і н д е қ а л д ы р ы л а д ы .

3. Демпингтің немесе материалдық залалдың жоқтығы бағалар бойынша қабылданған міндеттемелердің салдары болып табылатын жағдайларды қоспағанда, демпингтің немесе материалдық залалдың немесе оның қаупі жоқтығы туралы шешім қабылданса, бағалар бойынша міндеттеме жойылуы мүмкін.

4-бап. Тауардың қолданылатын бағасын анықтау

1. Тауардың қолданылатын бағасын Қазақстан Тарапы экспорттаушы және (немесе) өндіруші елде тұтынуға арналған осыған ұқсас тауарға қарапайым сауда операциялары процесінде белгіленетін бағалар негізінде анықтайды.

2. Тәуелділік фактісі тауар құнына әсер етпегендігіне дәлелдер ұсынылған жағдайларды қоспағанда, өзара тәуелді тараптар арасындағы сату қарапайым сауда операциялары шеңберінде жүргізілген ретінде қаралмайды және қолданылатын бағаны анықтау кезінде назарға алынбайды.

3. Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Қырғыз Республикасынан емес, басқа елден жеткізілсе, Қазақстан Тарапы қолданылатын бағаны осы экспорттаушы елде (бұдан әрі - экспорт елі) төленген немесе төлеуге жататын баға негізінде белгілейді.

Қолданылатын баға шыққан елдегі баға бойынша мынадай жағдайларда белгіленеді :

- 1) тауарлар тек экспорт елі арқылы өткізілсе;
- 2) осыған ұқсас тауарлар экспорт елінде өндірілмесе;
- 3) экспорт елінде оларға салыстырмалы бағалар болмаса.

4. Экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногындағы бағаларына негіздей отырып, онда осыған ұқсас тауардың сатылуының болмау себебі бойынша тауарға қолданылатын бағаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда немесе мұндай сату ерекше нарықтық ахуалға немесе экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногындағы сату көлемінің шағын болуына орай тиісінше салыстыру жүргізуге мүмкіндік бермесе, Қазақстан Тарапы тауардың қолданылатын бағасы ретінде:

1) осы тауарды сату жеткілікті көлемде жүзеге асырылған жағдайда үшінші елге экспортталатын осыған ұқсас тауарға арналған бағаны, сондай-ақ жеткізу шартын (DAF - Қазақстан Республикасының шекарасы);

2) әкімшілік, сауда және жалпы шығындарды (шығын) қосумен өндіріс шығындарын қоса қамтитын бағаны, сондай-ақ жеткізу шартын (DAF - Қазақстан Республикасының шекарасы) қолдана алады.

5-бап. Қолданылатын бағаны есептеу

1. Қырғыз Тарапы Қазақстан Республикасына цемент экспортын қолданылатын баға бойынша қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Қолданылатын бағаны осы Келісімнің 4-бабының 1-тармағына сәйкес жеткізуді ескере отырып (DAF - Қазақстан Республикасының шекарасы) белгіленеді.

Қолданылатын баға болмаған жағдайларда не қолданылатын баға экспорттаушы мен импорттаушының немесе үшінші тараптың арасындағы байланыстың немесе өтем жасау туралы уағдаластықтың болуы себебінен сенімсіз болғанда, қолданылатын баға жеткізілетін тауарды жеткізушіден немесе сатушыдан тәуелсіз сатып алушыға алғашқы қайта сату бағасының негізінде есептеледі.

3. Қазақстан Тарапы бастапқы кезең үшін осы Келісімге қол қойылған сәттен бастап қолданылатын Қазақстан Республикасының шекарасына дейінгі көліктік шығыстарды ескере отырып, бір тоннасы үшін 21,06 (жиырма бір АҚШ доллары және алты цент) АҚШ долларына тең бағаны белгілейді. Салық салу тараптардың ұлттық заңнамасына және олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі. <*>

Әрбір келесі кезең үшін қолданылатын бағаны Қазақстан Тарапы қосымша түзетін болады.

Қолданылатын бағаны түзету кестесі осы Келісімнің 3-қосымшасында келтірілген.

Түзету нәтижесі Қырғыз Тарапына кезекті кезең аяқталғанға дейін 30 күн бұрын жіберілуі тиіс.

Консультацияларды өткізу кестесі осы Келісімнің 4-қосымшасында келтірілген.

4. Егер Қырғыз Тарапы қолданылатын бағаны мақұлдасамаса және консультациялар өткізуден бас тартса, онда Қазақстан Тарапы Қырғыз Тарапына тиісті хабарлама жібере отырып, уақытша демпингке қарсы шараларды қолдануға құқылы.

Ескерту. 5-бап өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 511 қаулысымен.

6-бап. Цемент экспорты мен импортының тәртібі

1. Қырғыз Республикасынан цемент экспортын келісім-шартты тіркеу сертификаты мен тауардың шыққан тегі сертификатын ұсынған жағдайда заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

Келісім-шартты тіркеу сертификатында мыналар қамтылуы тиіс: келісім-шартты тіркеу сертификаты берілген цементтің СЭҚ ТН коды, тоннадағы көлемі, ерекшелігі, жеткізілу шарттарындағы (DAF - Қазақстан Республикасының шекарасы) баға және сатылу құны. Келісім-шартты тіркеу сертификатына қосымша ақпарат енгізілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының аумағына цемент импортын Қазақстан

Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес берілген импорттық лицензияны және Қырғыз Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес берілген тауардың шыққан тегі сертификатын ұсынған жағдайда заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы цемент транзиті Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

7-бап. Тараптардың міндеттемелері

1. Қырғыз Тарапы мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1.1. Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына цементтің экспорттық бағасын бағалар бойынша міндеттемелердің қолданылуының кез келген кезеңі ішінде сатуды жүзеге асыру күніне қолданылып отырған бағадан төмен қолданбау;

1.2. тоқсан сайын осы Келісімнің орындалуына қатысты ақпараттың толық салыстырылуын жүзеге асырады. Мұндай салыстырулар консультациялар өткізу кестесіне сәйкес жүргізілетін болады;

1.3. осы Келісімді Қырғыз Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары тиімді орындауы мақсатында барлық белгіленген рәсімдерді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді;

1.4. егер кез келген қырғыз компаниясы осы Келісімде белгіленген талаптарды толық көлемде орындамаған жағдайда, осы Келісімге сәйкес қатаң санкциялар қолданады және цемент экспортына бақылауды жүзеге асырады;

1.5. цемент экспортына арналған келісім-шартты тіркеу сертификатын алған кезде, белгіленген пунктке тәуелсіз қырғыз цемент экспорттаушыларының:

1) осы Келісім бойынша Қазақстан Республикасына цементті үшінші ел арқылы келісім-шартты тіркеу сертификатынсыз жеткізуге;

2) осы Келісіммен белгіленген цементті осы Келісіммен белгіленбеген қатаң санкциялар цементпен соңғысын Қазақстан Республикасына әкелу үшін айырбастауды жүзеге асыру қызметіне қатыспауға келісімін растайды.

Алмасу енгізіледі, бірақ шектелмейді:

"меншік құқығын алмасу" - заттай берусіз цементке меншік құқығын алмасу. Бұл процесс тараптардың өзіне әртүрлі елдердегі өнімге меншік құқығын алу үшін түрлі елдерде цементке меншік құқығын алмасуды немесе тараптар шыққан тегі әртүрлі өнімге меншік құқығын алуы үшін әртүрлі елдерде өндірілетін цементке меншік құқығын алмасуын қамти алады;

"жалау алмасу" - өзіне меншік құқығын өзгертусіз цементі шыққан елімен алмасуын қамтиды;

"алмастыру" - өзіне Қырғыз Республикасынан цементті - делдал елге (елдерге) сатуды немесе жеткізуді және одан әрі экспорттық сатылуы туралы білетін қырғыз

экспорттаушысын қамтиды, бұл осы цементті Қазақстан Республикасына сатуға немесе жеткізілуіне әкеп соғады;

1.6. бұзушылық туралы мәлімдеме алған жағдайда, Қазақстан Тарапының мәлімдемесін қоса алғанда, 15 (он бес) күн ішінде тез арада тергеу жүргізу және Қазақстан Тарапын тергеу аяқталғаннан кейін 10 (он) күн ішінде оның нәтижелерінен хабардар ету;

1.7. Қырғыз Тарапы осы Келісімнің шарттарын бұзатын мәмілеге қырғыз компаниясының қатысқаны туралы шешім шығарса, Тараптар дереу консультациялар өткізеді.

2. Қазақстан Тарапы мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

2.1. күнтізбелік жылдың әрбір кезеңіне бағаларды қайта қарайды және белгілейді;

2.2. Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына цементті қолданылатын бағадан төмен бағамен әкелінген кезде немесе келісім-шарттың тіркеу сертификаты болмаған кезде, Қазақстан Тарапы Қырғыз Тарапын осы әкелу туралы хабардар етеді және Қырғыз Тарапына әкелуге қатысты барлық қолда бар ақпаратты береді. Қырғыз Тарапы 20 (жиырма) күн ішінде жауап беруге міндетті.

3. Осы Келісіммен белгіленген қолданылатын баға бұзылған цемент рыногындағы алмастыру жағдайында мынадай фактілер қабылдануы мүмкін:

3.1. кез келген ауызша немесе жазбаша уағдаластық;

3.2. тараптардың өзара тәуелділігі;

3.3. баспа-бас айырбас операциялары.

Егер Тараптар 15 (он бес) күн ішінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізе алмаған жағдайда, Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының демпингке қарсы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қолдануға құқылы.

Мұндай шараларды қабылдау алдында Қазақстан Тарапы өзінің ниетінің себебі туралы Қырғыз Тарапын хабардар етеді. Қырғыз Тарапы 15 (он бес) күн ішінде түсіндірме бере алады.

8-бап. Мониторинг және хабардар ету

1. Қырғыз Тарапы мониторингті жүзеге асыру үшін тоқсан сайын Қазақстан Тарапына мынадай ақпаратты:

1) осы Келісімге 4-қосымшада белгіленген формат көлемінде Қазақстан Республикасына экспорт жөніндегі ақпаратты;

2) Қазақстан Республикасындағы негізгі тұтынушылардың тізімін;

3) келісім-шарттарды тіркеу сертификаттарының көшірмелерін беріп отырады.

2. Қырғыз Тарапы өзіне мәлім болған осы Келісімнің кез келген бұзушылықтары және осы бұзушылықтарға қатысты қолданылған шаралар туралы Қазақстан Тарапын хабардар етуге міндетті.

3. Тараптар мониторинг жүргізудің, тоқсан сайын консультациялар өткізудің, Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес қосымша мәліметтер берудің қажеттігін таниды. Қазақстан Тарапы тоқсан сайын Қырғыз Тарапына Қырғыз Республикасынан цемент импорты туралы ақпарат беріп отырады.

9-бап. Құпиялылық

1. Осы Келісімнің қолданылуымен байланысты құпия ақпаратты жария етуге, Тараптардың лауазымды тұлғаларының жеке мақсаттарына пайдалануына, үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңнамаларымен көзделген жағдайлардан басқа, өзге де мемлекеттік органдарға беруге болмайды.

2. Тараптар цемент экспорттаушылардың (импорттаушылардың) коммерциялық қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының демпингке қарсы ұлттық заңнамасына с ә й к е с а қ п а р а т а л м а с а д ы .

3. Осы Келісім қолданысы кезеңінде туындаған мәселелер жөнінде Тараптардың әрқайсысы консультация жүргізілуін талап ете алады.

10-бап. Консультациялар жүргізу

1. Егер Қазақстан Тарапы Қазақстан өндірушілерінің Қазақстан Республикасының рыногында адал бәсекелесуіне қолданылатын баға мүмкіндік бермейді деген шешім шығарған жағдайда, Тараптар рынокта қалыптасқан жағдайды және қолданылатын бағаның сәйкестігін қайта қарау үшін дереу консультациялар жүргізеді.

2. Тараптар осы Келісімнің орындалуына (қолдану бағасын есептеп шығаруды қоса алғанда) және атқарылуына қатысты әр кезеңде консультациялар жүргізеді.

3. Осы Келісімнің кез келген мәнісі бойынша қосымша консультациялар Тараптарға сұрау салынғаннан кейін ең қысқа мерзімдерде жүргізіледі.

11-бап. Бағалар бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау

1. Қазақстан Тарапы осы Келісімнің орындалмауына немесе бұзылуына қатысты өзіне мәлім болған кез келген ақпаратты, Қырғыз Тарапына бұзушылықтар туралы тергеу жүргізу мен тиісті ақпарат жинау қажеттілігі туралы хабарлай отырып тексереді.

2. Егер Қазақстан Тарапы осы Келісім бұзылып отыр немесе бұзылды деген шешім қабылдаған жағдайда, Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының демпингке қарсы заңнамасына с ә й к е с і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

3. Қазақстан Тарапы Қырғыз Тарапынан бағалар бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалғандығы туралы мәліметтер беруін талап етуге, сондай-ақ олардың шынайылығын тексеруге құқылы.

12-бап. Дауларды реттеу

1. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешетін болады.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

13-бап. Күшіне енуі

1. Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бір жыл ішінде қолданылатын болады.

2. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы Тараптардың бірі жазбаша хабар алған күннен бастап отыз күн өткеннен кейін осы Келісім өзінің қолданылуын тоқтатады.

_____ жылғы "___" _____ әрқайсысы _____ қаласында, қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей. < * >

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Ескерту. 13-бап өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 511 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Қырғыз Республикасының

Үкіметі

Үкіметі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз

Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз

Республикасының цемент жеткізуге қатысты

бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі

келісімге

1-қосымша

N Келісім-шартты тіркеу сертификаты

1. Өтініш беруші ұйым және оның
мекен-жайы 3. _____ "___" _____

ЭКСПОРТ/ИМПОРТ

N келісім-шарт

Қолдану мерзімі _____ " _____ " _____ бастап

" _____ " _____ дейін

2. Сатып алушы/сатушы және оның мекен-жайы 4. Өтініш берушінің банкі және оның мекен-жайы, шот нөмірі

5. Сатып алушының/сатушының елі 8. Сатып алушының/сатушының банкі және оның мекен-жайы, шот нөмірі

6. Мәміленің сипаты 9. Төлем шарты

7. Жеткізілім базисі

10. Тауардың СЭҚ ТН 11. Өлшем бірлігі 12. Саны 13. Төлем валютасы 14. Бірлік үшін бағасы 15. Құны

б о й ы н ш а к о д ы ,
т а у а р д ы ң а т а у ы

мен сипаты

16. Ерекше белгілер 17. Қырғыз Республикасы ХБСП басшысы

Л а у а з ы м ы

А . Ә . Т .

Қолы және мөрі Күні

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз

Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз

Республикасының цемент жеткізуге қатысты

бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі

к е л і с і м г е

2-қосымша

Баға жөнінде міндеттемелер қабылданған цементтің СЭҚ ТН бойынша кодтары

-----	СЭҚ ТН коды	
С и п а т т а м а с ы		
-----	2523 10 000	Цемент
к л и н к е р л е р і		
2523 21 000	Ақ цемент жасанды боялған немесе боялмаған	
2523 29 000	Өзге де портландцемент	
2523 30 000	Балшықты цемент	
2523 90	Гидравликалық өзге де цементтер	

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Қырғыз Республикасының

Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасынан

цемент жеткізуге қатысты бағалар бойынша
міндеттемелер жөніндегі келісімге
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.06.02. N 511
қаулысымен. _____

Жоспарланған түзетулердің с а н ы	Келіссөздер күні	Қолданылатын бағаның күшіне енетін к ү н і
1		Келісімнің 13-бабының 1 - тармағына сәйкес
2	2003 жылғы 1 тамыз	2003 жылғы 1 қыркүйек
3	2003 жылғы 1 қараша	2003 жылғы 1 желтоқсан
4	2004 жылғы 1 ақпан". _____	

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз
Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз
Республикасының цемент жеткізуге қатысты
бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі
к е л і с і м г е
4-қосымша

Консультациялар жүргізу кестесі

Жоспарланған	!	Қазақстан Тарапы	!	Қырғыз Тарапы жоспарлаған
кездесулер	саны	!	жоспарлаған	өткізулер
				өткізулер
				1 бірінші кезең
2				екінші кезең
	3			үшінші кезең
4				төртінші кезең
Жоспардан тыс		Осы Келісімнің қолданылу		Осы Келісімнің қолданылу
кездесулер		мерзімі ішінде		мерзімі ішінде

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз
Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз
Республикасының цемент жеткізуге қатысты

бағалар бойынша міндеттемелер жөніндегі
к е л і с і м г е
5-қосымша

Мониторинг жүргізу үшін ақпарат беру нысаны

КЖД N !Жөнелтушінің !Алушының !Тауардың !Көлемі !Құны !Келісім-
мен !атауы !атауы !СЭҚ ТН !(тонна)!(мың АҚШ !шарттың N
күні ! ! !бойынша ! !доллары) !мен оны
! ! !коды, ! ! !тіркеу
! ! !тауардың! ! !сертифика
! ! !атауы ! ! !тының
! ! ! ! !күні

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 -----
